

№ 4 лекция

Электрстанцияларының негізгі жабдығы. Жалпы мәліметтер


Жоспар:

- 1 Бу қазандары;**
- 2 Турбиналар;**
- 3 Синхронды генераторлар;**
- 4 Күштік трансформаторлар**

Электрстанцияларының негізгі жабдығы. Жалпы мәліметтер


Электрстанцияларының негізгі жабдығына бу қазандары (жылу электрстанциялары үшін), турбиналар, генераторлар және трансформаторлар кіреді.

Жылу конденсациялық электрстанциясының сұлбасы




- 1 - бункер; 2 - ұнтақтау қондырғысы; 3' - ауа үрлегіш; 3 - ошақ; 4 - құбырлар; 5 - ирек түтік; 5' - барабан; 6 - құбыр; 7 - турбинаның бірінші сатысы; 8 - турбинаның екінші сатысы; 9 - генератор; 10 - шықпалар; 11 су қоймасы; 12 - сорап; 13 - конденсатор; 14 - сорап

Жылу конденсациялық электрстанциясының технологиялық процесінің сұлбасы




Бу қазаны — органикалық отынның жанғанында бөлінетін жылуды пайдалану жолымен қазанға үздіксіз келетін қорек судан буды алу үшін қыздыру беттерінің жүйесі бар құрылғы. Бу қазандары екі типке бөлінеді – **барабанды және түзу ағатын**.



Айналуы еріксіз барабанды қазанда судың айналуы


- 1 Қоректендіру сорабы
- 2 Экономайзер
- 3 Көтеретін құбырлар
- 4 Түсіретін құбырлар
- 5 Барабан; 6 Бу қыздырғышы
- 7 Турбинаға; 8 Айналдыру сорабы



Түзу ағатын қазандағы судың айналуы


- 1 Қоректендіруші сорап
- 2 Экономайзер
- 3 Буландырғыш құбырлар
- 6 Бу қыздырғыш
- 7 Турбинаға

Турбиналар




Турбина (фр. Turbine, лат. turbo құйын, айналу) — келтірілген жұмыс денесінің - бу, газ, су – көмегімен кинетикалық энергияны механикалық жұмысқа түрлендіретін жұмыс органының (ротордың) айналатын қозғалысы бар қозғалтқыш. Жұмыс денесінің ағыны ротордың шеңбері бойынша бекітілген қалақшаларға әсер жасап, оны жылжытады. Жылу және атом электрстанцияларында генераторды айналдыруға және одан әрі электр тогын алуға, теңіз, жер және ауа көлігінде қозғалтқыш ретінде, гидродинамикалық берілістің құранды бөлігі ретінде қолданылады.


Қарапайым жұмыс турбинасының сұлбасы



**ЖЭС машина залында орнатылған
қуаты 800 МВт турбинаның жалпы көрінісі**




Турбина екі негізгі бөліктен тұрады. Қалақшалары бар ротор — турбинаның жылжымалы бөлігі. Түзетуші аппараты бар статор — жылжымайтын бөлігі.




Айгөлектерінде ротор орналасқан турбина статорының төменгі жартысы

1,2 – жұмыс қалақшалары; 3,4 – тұрқы; - 5,7 – білік; 6.- жартылай муфта; 8 - сақина дөңестер



Турбинаның су жүретін бөлігінде саңлау қалдыру



**Зауыттың жұмыс стендіндегі
қуатты үшцилиндрлі турбина**

Роторды цилиндрге жайғастыру



Газ турбинысы — бұл әсері үзіліссіз қозғалтқыш, оның қалақша аппаратында қысылған және/немесе қызған газдың энергиясы біліктегі механикалық жұмысқа түрленеді. Отын турбинаның сыртында немесе ішінде жануы мүмкін.




Газ турбиналары



Бу турбинасы — бу энергиясы механикалық жұмысқа түрленетін жылу қозғалтқышы.

Бу турбинасының қалақтық аппаратында қысылған және қызған су буының потенциалды энергиясы кинетикалыққа түрленеді, ол өз кезегінде механикалыққа — турбина білігінің айналуына түрленеді.


Буқазандық агрегаттан бу бағыттайтын аппараттар арқылы ротордың шеңбері бойынша бекітілген қисықсызқты қалақшаларға барып, оларға әсер жасап, роторды айналдырады.




Гидротурбина. Судың механикалық энергиясын айналатын біліктің энергиясына түрлендіретін гидравликалық турбина, су турбинасы, ротациялық қозғалтқыш



Бұрылатын қалақты турбинаның жұмыс дөңгелегі




Білігі жатық орналасқан шөмішті гидротурбина



Статор және шиыршық
камерасы, Гранд - Кули ГЭС - і,
АҚШ

Генераторлар

Электр генераторы — механикалық энергиясы электрлікке түрленетін құрылғы.



Фарадей дискі




XX ғасырдың
басындағы
электргенераторлары

Синхронды генераторлар

Синхронды машина — бұл роторының айналу жиілігі ауа саңлауындағы магнит өрісінің айналу жиілігіне тең айнымалы токтың электр машинасы.

Кез – келген генератордың әсер қағидасы электрмагниттік индукция құбылысына негізделген. Егер B біртекті магнит өрісінде бірқалыпты жақтауша айналып тұрса, онда жиілігі жақтаушаның айналу жиілігіне тең айнымалы Э.Қ.К. пайда болады.

Жақтаушаны магнит өрісінде, немесе магнит өрісін жақтаушаның айналасында, немесе магнит өрісін жақтаушаның ішінде айналдырса, бір нәтиже болады - гармоникалық заңмен өзгертін Э.Қ.К..




Синхронды генераторлар

Электрстанцияларда электроэнергияны өндіру үшін үшфазалық айнымалы токтың синхронды генераторларын қолданады. Турбогенераторларды (біріншіреттік қозғалтқыш – бу немесе газ турбиасы) және гидрогенераторларды (біріншіреттік қозғалтқыш – гидротурбина) айырады.

Синхронды генераторлар

Синхронды генератор роторының орамдары бөлек генератордан (қоздырғыштан) тұрақты токпен қоректенеді, размещаемого на общем валу.




Синхронды генератордың құрылысы

1 – синхронды генератор; 2 – қоздырғыш

Синхронды генераторлар

Ротор айналғанда оның магнит өрісі статордың үшфазалық орамында айнымалы Э.Қ.К. тудырады.

Жылдам айналатын синхронды генераторлардың (турбогенераторлардың) полюстер жұбының саны аз ($p = 1, 2$), ал баяу айналатындарда (гидрогенераторларда) p бірнеше ондарға жетеді. Э.Қ.К. шамасы ротор орамындағы токты өзгертіп реттеледі.




Гидрогенератордың роторы



Гидрогенераторлар

Турбогенераторлар




Қуаты бойынша турбогенераторлар негізгі үш топқа бөлінеді: 2,5-32 МВт, 60-320 МВт және 500 МВт жоғары.

Айналу жиілігі бойынша 50 және 60 Гц торап жиіліктендегі турбогенераторларды төртполюстіктерге (1500 және 1800 айн/мин айналу жиілігіне) және екіполюстіктерге (3000 және 3600 айн/мин айналу жиілігіне) айырады.

Жетек турбинасының түрі бойынша турбогенераторлар бу турбинасымен және газ турбинасымен айналатын генераторларға жіктеледі.

Салқындату жүйесі бойынша турбогенераторлар ауа, қосалқы сутегі, тікелей сутегі және сұйық салқындауы бар машиналарға бөлінеді.

Турбогенератордың қиыстырмасы



Синхронды генераторлардың салқындату жүйелері

Беттік немесе қосалқы

Салқындататын газ желдеткіштің көмегімен машинаның ішіне беріледі және оның ауа саңлауы және желдеткіш арналарының жүйесінен өтеді. Газ орамдардың өткізгіштерімен жанаспайды және олардан жылу салқындататын газға орамдардың оқшауламасы, ойық оқшауламасы және тішшелер болаты, яғни едәуір «жылу тосқауылы» арқылы беріледі. Ауа (қуаты аз генераторлар үшін) және сутегі салқындатуы болады.


Непосредственное

Қуаты үлкен генераторлар үшін қолданылады. Оларда салқындататын орта тікелей орамдардың мысымен жанасады. Салқындатудың тікелей жүйелерінде салқындататын орта ретінде **сутегін, суды (сирек майды)** пайдаланады.

Трансформаторлар. Жалпы мәліметтер

Трансформаторды ағылшын физигі Майкл Фарадей 1831 ж. ойлап тапты. Трансформатор осы кездегі электрэнергетикалық жүйелердің басты элементтерінің бірі болып табылады.

Трансформатор (лат. *Transformo*- түрлендіру) бұл айнымалы ток пен кернеуді түрлендіретін құрылғылар.



Біріншіреттік орам деп аталатын орамға сыртқы көзден кернеу беріледі. Біріншіреттік орамнан өтетін айнымалы ток магнит өткізгішінде айнымалы магнит өрісін жасайды. Электрмагниттік индукцияның нәтижесінде магнит өткізгішінде айнымалы магнит ағыны барлық орамдарда, оның ішінде біріншіреттікте, магнит ағынына қарағанда кері 90° синусоидалы токта ығысқан магнит ағынының бірінші туындысына пропорционалды индукция Э.Қ.К. тудырады.

Күштік трансформаторлар



Электрстанцияларда және қосалқы станцияларда орнатылған **күштік трансформаторлар** электрэнергияны бір кернеуді басқаға түрлендіруге арналған.

Трансформаторларды **үшфазалық және бірфазалық, екі - және үш-орамдық етіп шығарады**. Үшфазалық трансформаторлар кеңінен тараған, өйткені олардағы шығындар 12-15% төмен, ал сол қосынды қуаттағы үш бірфазалық трансформаторлардың тобына қарағанда активтік материалдардың шығыны және құны 20-25% аз.

Бірфазалық трансформаторлардың топтары өте үлкен қуаттарда, 500 кВ және жоғары кернеулерде көлік массасын азайту мақсатымен қолданылады.

Күштік трансформаторлар


Қарапайым күштік трансформатор ферромагниттік материалдан жасалған магниттік өткізгіш - өзекшеден (қаңылтыр электртехникалық болат) және магниттік өткізгіштің сырықтарында орналасқан екі орамнан тұрады. Орамдардың біреуі айнымалы токтың көзіне, U_1 кернеуіне қосылған, бұл орамды біріншіреттік деп атайды. Басқа орамға тұтынушы Z_n жалғанған – оны екіншіреттік деп атайды. Трансформатордың әсері электрмагниттік индукция құбылысына негізделген. Біріншіреттік орамды айнымалы токтың көзіне қосқанда осы орамның тармақтарында айнымалы ток i_1 ағады, ол магниттік өткізгіште айнымалы магниттік ағынын Φ жасайды. Магниттік өткізгіште тұйықталып, бұл ағын екі ораммен (біріншіреттік және екіншіреттік) ілінісіп, оларда Э.Қ.К. индукциялайды.

Күштік трансформаторлар қиыстырмасының элементтері



Трансформаторлардың типтері және олардың параметрлері

Әр фазаға келетін әртүрлі кернеу орамдарының саны бойынша трансформаторларды **екіорамдыларға және үшорамдыларға бөледі.**



Трансформаторлардың қағидалы сұлбалары: а) екіорамдының;
б) үшорамдының

Күштік трансформаторлар




Ауқым класы	Қуаттар аралығы, кВА	Кернеу деңгейі, кВ
I	100 дейін	35 дейін
II	100 ден 1000 дейін	35 дейін
III	1000 нан 6300 дейін	35 дейін
IV	6300 артық	35 дейін
V	40000 дейін	35 тен 110 дейін
VI	40000 нан 80000 дейін	330 дейін
VII	80000 нан 200000 дейін	330 және жоғарыға дейін
VIII	Қуаттан тәуелсіз тұрақты ток ЭБЖ үшін	Кернеуден тәуелсіз

Трансформаторлардың негізгі параметрлері

Трансформаторлардың негізгі параметрлері:

1. Номиналды қуаты (зауыт паспортында көрсетіледі);
2. Номиналды кернеуі;
3. Номиналды тогы;
4. Қысқа тұйықтау кернеуі (КЗ);
5. Бос жүріс тогы (XX);
6. Бос жүріс және қысқа тұйықтау шығындары



Күштік
төмендеткіш
трансформаторы

Күштік трансформаторлардың салқындату жүйелері



Әр трансформатордың шартты әріптік белгіленуі бар :

1 Фазалар саны (бірфазалықтар - О; үшфазалықтар – Т);

2 Салқындау түрі;

3 Орамдар саны, үшорамды – Т; орамдары ыдыраған трансформатор үшін Р (фазалар санынан кейін);

4 Н әрпі - РПН құрылғысы бар;

5 Бірінші орында А автотрансформаторды белгілеу үшін. Әріптерден кейін номиналды қуат кВА; ЖК орам кернеуінің класы ВН%; климаттық жасалынуы және орналасу категориясы.

Автотрансформатор

Автотрансформатор (АТ) деп екі немесе одан көп орамдары гальваникалық байланысқан, ортақ бөлігі бар трансформаторды айтады. Автотрансформатордың орамдары электрлік және магниттік байланысқан, және энергия біріншіреттік тізбектен екіншіреттікке магниттік өріспен және электрлік жолмен беріледі.

Автотрансформаторда энергияның тек бір бөлігі трансформацияланады, ал басқа бөлігі бір кернеудің жүйесінен екінші кернеудің жүйесіне тікелей трансформациясыз беріледі.



АТДЦТН-125 000/220 У1
автотрансформаторы

Автотрансформаторлар



250 МВА автотрансформаторы



АТ-2 220/110/10 кВ 125 МВА

Автотрансформаторлар

Автотрансформаторлардың құндылықтары

- 1 Мыстың, болаттың және оқшаулама материалдарының аз шығыны және сол қуаттағы трансформаторлардан арзандығы.
- 2 Аз массасы және ауқымы үлкен қуатты трансформаторларды жасауға мүмкіндік береді.
- 3 Автотрансформаторлардың шығындары аз және ПӘК үлкен.
- 4 Салқындау шарттары жақсы.

Автотрансформаторлардың кемшіліктері

- 1 Кернеуді реттеудің күрделілігі.
- 2 Орамдардың электрлік байланысу себебінен атмосфералық асқын кернеулердің бір орамнан екіншіге өту қаупі.

Бақылау сұрақтары

- 1 Электрстанцияларының қандай негізгі жабдықтарын білесіз?
- 2 Синхронды генератор деген не?
- 3 Қандай трансформаторлар электрстанцияларда пайдаланылады?
- 4 Трансформаторларды не үшін пайдаланады?